

Аман жүрші, қарттарым!

Шынымен де, жылдан-жылға "Қарттар күні" дәстүрлі мерекеге айналып келеді. "Қарты бар үйдің қазынасы бар" деп дана халқымыз айтқандай, біздің байлығымыз да, берекеміз де, ырыс-құтымыз да ардақты қариялар мен ақ жаулықты аналар. Жылда бұл күні қарттарымыздың ғұмыр бойы істеген еңбектері мен мемлекетіміздің дамуына қосқан орасан зор үлестерін жоғары бағалап, оларға сый-құрмет көрсетіледі. Осы орайда, еліміздің дамуына сүбелі үлес қосып келе жатқан қарттарымызды құрметтей білейік дегім келеді.

Мұзбел ауылының тұрғыны, медицина саласына ерен еңбегі сіңген бас дәрігер, талай адамның жанының арашасы болып, түрлі науқастарға алғашқы көмегін аямаған жан Хуаныш Бердкей туралы мақтана айтқым келеді. 1952 жылы Монғолия мемлекетінің Баян-Өлке ауданында дүниеге келген. 1977 жылы Аяпберген Гүлзира атты анамызбен отбасы құрып, 5 қыз, 2 ұл дүниеге әкелген. Бүгінде 12 немере-жиендерін сүйіп отырған ардақты әке,



қамқор ата, асыл жар. Медицина саласына ерен еңбек сіңіріп, қызмет атқарған, жалпы жұмыс тәжірбиесі - 45 жыл. Ақ халатты абзал жан 1991 жылы атақонысына қоныс аударған. 1991 жылдан бастап Қарағанды облысы Нұра ауданының Пржевальское ауылында дәрігер болып, өлшеусіз қызмет атқарып, зейнеткерлік демалысқа шыққан.

"Әке көрген оқ жонар" дегендей, екі баласы әке жолын жалғап, медицина саласында қызмет атқарып келеді. Ал 3 баласы ұстаз мамандығының иесі болса, 1 баласы кәсіпкер.

Жақында "Мерейлі отбасы" ұлттық байқауының аудандық кезеңінде бұл отбасы І орын жүлдегері атанды. Бізге және өсіп келе жатқан өскелең ұрпаққа сіздердің өмір жолдарыңыз өнеге, еңбек жолдарыңыз үлгі!

Г.И. Бекеева
Мұзбел ауылының кітапханашысы